

**№ 43 «Гүлдәурен» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Ақтөбе қаласы**

**4.09. 2024ж**

**Қатысқандар:** бөбекжай әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақшадағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға материалдық көмек көрсету және әлеуметтік педагогикалық жұмыстарды жүргізу мақсатында қамқоршылық кеңес құру.
2. Қамқоршылық кеңестің ережесін бекіту.
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақшаның ата-аналар комитетінің төрайымы: Дузбаева Салтанат Адилбекова сөз алды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ережесімен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің құрамына, сонымен қатар, өз құқықтарын өкілеттік өкілдер арқылы жүзеге асыратын ұйымдар, мекемелер, олардың ұжымдары түрінде, заңды тұлғалар ене алады. Қамқоршылық кеңестің мақсаты – бюджеттен тыс қаржыландырудың қосымша көзін, басқа ұйымдармен байланысты нығайту арқылы бөбекжайдың тиімді жұмыс істеуі мен ауданымыздағы тұрғындардың әл-ауқатының дамуына септігін тигізу. Кеңес мүшелері өз жұмыстарын ақысыз жүзеге асырады. Кеңес бөбекжай әкімшілігімен және мекемелермен жұмыс жүргізеді. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, қамқоршылық кеңестің міндеттеріне тоқталды.

Және қамқоршылық кеңестің ең маңызды жұмысының бірі, қазіргі таңда балабақшада, балабақшамыздың аймағына қарасты әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар бар. Мұндай толық емес отбасы, аз қамтамасыз етілген, күнкөрісі төмен отбасынан шыққан балалар, ерекше қолдауды қажет ететін балалар тек ерекше тәрбие мен білім беру тәсілдеріне ғана емес, сондай-ақ жүйелі материалдық қолдауға мұқтаж. Осы мақсатта әрбір балабақшада қамқоршылық кеңес құру керек деп ойлаймын. Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі - балабақша дамуының берік бюджеттен тыс қорын қалыптастыру, оның қаражатын ашық және ұтымды бөлу.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты - жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

### Қамқоршылық кеңестің ережесі

8.1. Қамқоршылық кеңес өз жұмысын, нақты Ереже негізінде, балабақша Жарғысына және білім беру саласында қолданылатын заңнамаларға сәйкес, жүргізеді.

8.2. Қамқоршылық кеңес, қажеттілікке байланысты, Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.

8.3. Осы Ереженің күші Қамқоршылық кеңестің қолданылу мерзіміне немесе жаңа Ережені қабылдағанға дейін белгіленеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай басшысы К.Т. Шокпарова сөз сөйледі.

Қамқоршылықты қажет ететін балаларды қолдау мақсатында балабақшаның материалдық-техникалық базасы нығайтылып, акция, балабақшаішілік шараларды арнайы ұйымдастырылып, демеушілер тауып балабақшада түрлі байқаулар мен сайыстардың жоспарланғанын, алдағы уақытта ұйымдастырылып, жүзеге асырылатындығы жайлы баяндайды. Сондай-ақ қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі кісілерді ұсынады:

№	Аты-жөні,тегі	Жұмыс орны	Телефон номері
1	Дузбаева Салтанат Адилбекова <b>(қамқоршылық кеңес төрағасы)</b>	«Центр Дент» Стоматолог	87731966469
2	Мәзін Мира Жексенқызы	Директор РИАЦ по Актюбинской области	87015966383
3	Саматов Гүлфайрус	№ 2 қалалық емхана.Медбеке	87711705500
4	Муса Балнур	№ 26 мектеп. Мұғалім	87071236692
5	Жумабаева Кенжегүл	№ 15 « Жидек» балабақша. Тәрбиешісі.	87053258225
6	Жубаназарова Гүльжан Жақсылыққызы	Департамент веб сайт. Инспектор	87058221891
7	Тәшпеннова Кұралай	Үй шаруасында	87053802422

	Елібайқызы		
8	Сагиева Наргиза Казбековна	ТОО «Batus Bu siness tower»	87089205427
9	Базарбаева Тазагүл Ерболовна	Жеке кәсіпкер	8085404899

Одан әрі қамқоршылық кеңесінің мүшелері ондағы қамқоршылық кеңесінің ережесімен, негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары, ұйымдастыру мен тәртібі, мақсаты мен міндеттері жайлы танысып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстарға тоқтала келе, қамқоршылық кеңесінің құрамына мүшелер бірлесе жоспарланған жұмыстарды жүзеге асырылатынын айтты.

### **Шығып сөйлеушілер:**

**Ата-ана:** Тәшпеннова Құралай Елібайқызы

Жоғарыда қозғалған күнкөрісі төмен отбасынан шыққан балаларға жүйелі материалдық көмек көрсету балабақша әкімшілігіне жүктеліп отыр. Көмекті қажет ететін балалардың тізімі алынып, жоспардағы жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін тәрбиешілер мен белсенді ата-аналар арасынан бастамшыл топ құру керек және қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастыруымыз керек екендігін айтты.

**Ата-ана:** Жумабаева Кенжегүл Өскелең ұрпағымыздың бойына мейірімділік пен ізгіліктің жолын салып, Осы бөбекжай-бақшамыздың ата-анасы және ауданның жанашыр азаматы ретінде алдағы жұмыстарға барынша атсалысып, өз тарапынан қандай да болсын көмек беретіндігін атап айтты.

### **Қаулы етеді:**

1 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесі құрылып, оған басшылық жасау балабақша тәрбиешісі Баширова Лаура Қуанышқызы міндеттелсін.

2. Қамқоршылық кеңесінің ережесі басшылыққа алынып, жылдық жоспар құрылып жүзеге асырылсын.

3. 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегідей бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Дузбаева Салтанат Адилбекова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Баширова Лаура Қуанышқызы